

**Тарбағатай ауданының Сатпаев ауылдық округінің "Тоғасбай", "Ақсиыр-2" қыстақтарына шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режимін белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 30 қыркүйектегі № 582 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 05 қарашада № 4214 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 17 қаңтардағы № 05 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 17.01.2017 № 05 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына сәйкес және Тарбағатай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 30 шілде № 481 ұсынысы негізінде Тарбағатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тарбағатай ауданының Сәтпаев ауылдық округінің "Тоғасбай", "Ақсиыр-2" қыстақтарында ірі қара малдарының арасында бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режим белгіленсін.

2. "Тарбағатай ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы (С.Қонысбаев) "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Тарбағатай аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің басшысы (Б.Қажыкенов), "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Шығыс Қазақстан облысы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Тарбағатай аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысының міндетін атқарушы (М. Сулейменова), тиісті

іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С.А.Жақаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің міндетін атқарушы*

*С. Жақаев*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*"Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы Министрлігі  
ветеринариялық бақылау және қадағалау  
комитеті Тарбағатай аудандық  
аумақтық инспекциясы"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы  
"30" қыркүйек 2015 жыл*

*Б.Қажыкенов*

*"Қазақстан Республикасы Ұлттық  
экономика министрлігінің  
Тұтынушылардың құқықтарын  
қорғау комитеті Шығыс Қазақстан  
облысы Тұтынушылардың құқықтарын  
қорғау департаментінің Тарбағатай  
аудандық тұтынушылардың құқықтарын  
қорғау басқармасы" республикалық мемлекеттік  
мекемесінің басшысының міндетін атқарушы  
"30" қыркүйек 2015 жыл*

*М.Сулейменова*